

"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі құрамының кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 3 сәуірдегі N 229 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.20. N 885 қаулысымен.

"Қазақстанның Даму Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі Заңының 24-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы акционерлерінің жалпы жиналысымен оның директорлар кеңесінің құрамына сайлауға Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Асқар Раушанұлы Елемесовтің және Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі Болат Әбілқасымұлы Палымбетовтің кандидатуралары белгіленсін.

2. "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі құрамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 қарашадағы N 1149 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

"Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі - Қайрат Медібайұлы Әйтекеновті;

Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі - Ғани Нұрмұханбетұлы Өзбековті;" деген жолдар алынып тасталсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі